

«Бекітемін»
Маңғыстау облысының білім бөлімінің
Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Сұңқар» жекеменшік балабақшасы
Директоры  Есимова Г.Х



Маңғыстау облысының білім басқармасының
Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Сұңқар» жекеменшік балабақшасы
2024-2025 оқу жылына арналған
Жылдық жоспары

Бұйрық № 1 нқ
«Маңғыстау облысы білім басқармасының
Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Сұңқар» жекеменшік балабақшасының
2024-2025 оқу жылына арналған
жылдық жоспарын бекіту туралы

29.08.2025

Балабақшада оқу – тәрбие жұмысының жүйелі түрде ұйымдастырылып, жүргізілу мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. «Сұңқар» жекеменшік балабақшасы 2024/2025 оқу жылына арналған жылдық жоспармен педагогтер таныстырылып, бекітілсін.
2. Балабақшаның жылдық жоспары бойынша оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу балабақша әдіскері Колатова Гулдана Абайқызына міндеттелсін.
3. Осы бұйрықтардың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор:



Есимова Г.Х

ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Қызметтің негізгі бағыттары

Білім сапасын арттырудың басты шарты ретінде педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру

Мектепке дейінгі сапалы білімді қамтамасыз ету үшін, мектеп жасына дейінгі балалардың

тәрбиелеу мен дамытудың инновациялық педагогикалық технологияларын қолдану

Балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту.

Балалардың коммуникативтік, танымдық, эмоционалды-әлеуметтік, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Балаларды табиғат, оның алуан түрлілігі, тірі ағзаның тұтастығы, оның қажеттіліктері, ерекше белгілері, қоршаған ортаға бейімделу ерекшеліктері, өмір салты туралы білімдерін байыту.

2. Бебекжайдағы тәрбиеленушілерді ұлттық тәрбиенің рухани ізгі қасиеттеріне баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, ұлттық құндылықтарымызды деріптеу.

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін, физикалық және психикалық денсаулығын

сақтауды және нығайтуды қамтамасыз ету үшін дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының кешенді жүйесін жетілдіру.

МАЗМҰНЫ

Ақпараттық анықтама

Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы

МДҰ жұмысын жоспарлауда ескерілетін негізгі нұсқамалық құжаттар.

Аналитикалық бөлім

2025-2026 оқу жылының жылдық тапсырмалардың орындалуын талдау

Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

1.1 Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өту

1.2 Аттестаттауға дайындық және аттестаттау

Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмысы

2.1 Педагогикалық кеңестер

2.2 Семинарлар, практикумдар

2.3 Кеңестер

2.4 Әдістемелік отырыстар

2.5 Кіріктірілген ұйымдастырған іс-әрекеттер

2.6 Спорттық іс-шаралар жоспары

2.7 Мерекелік сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру жоспары

Әлеуметпен жұмыс:

3.1 Ата-аналар жиналысы

Бақылау және басшылық

Әкімшілік жұмыс. Ұйымдастырушылықты қамтамасыз ету

4.1 Өндірістік жиналыстар

4.2 Педагогикалық әдеп жөніндегі жұмыс жоспары

4.3 Қауіпсіздік шарлары

4.4 МДҰ материалдық-техникалық және қаржылық базасын нығайту бойынша барлық жұмыс жомпары.

5.1 Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары.

Ақпараттық анықтама
Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы

«Сұңқар» балабақшасы қолдануға берілген жылы 05.03.2022жылы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Рахат ауылы Ақсу Өтепқали Тәжіғалиев 84/1үй орналасқан. Аталған балабақша 2 топтық бөлме, сондай-ақ, педагог-психолог, әдіскер бөлмелері жұмыс жасайды.

Балабақшада асхана,кір жуатын орын,қойма орналасқан. Бөбекжай аумағы гүлзарларында гүлдер, жеміс ағаштары отырғызылып, көгалдандырылған және әр топтың серуендеу алаңдары әткеншектермен, құисалғыштармен, төбешіктермен жабдықталған.

Бөбекжайдың жұмыс тәртібі: сағат 07.45 – 18.15,
жұмыс аптасы -5күн,бөбекжай күніне 10,5 сағат жұмыс істейді.

Сенбі,жексенбі күндері демалыс.

Байланыс телефондары: (8702 811 00 81, 8775 533 60 60)

Бөбекжай поштасы: Kolatova.guldana@mail.ru

Топтарды жас бойынша жинақтау:

Балабақшаның қуаттылығы 50 баланы құрайды.

Балалардың жас ерекшелігіне сай – 2 топ жұмыс істейді.

Мемлекеттік тілде оқытатын топтар саны – 2.

Оның ішінде: ортаңғы топ -1, ересек топ-1.

№ 1 «Күншуақ» ортаңғы топ – 25 бала.

№ 2 «Қарлығаш» ересек топ – 25 бала.

№ р/с	Тобы	Педагогтар мен тәрбиешілердің аты – жөні	Білімі	Біліктілік санаты
1	№ 1 «Күншуақ» ортаңғы топ	Адилханова Айжамал Камаладдинқызы	Арнаулы орта	Санатсыз
		Ризбаева Дузельхан Дарханбаевна	Жоғары	Санатсыз
2	№ 2 «Қарлығаш» ересек топ	Елубаева Марина Бердирахметовна	Арнаулы орта	Санатсыз
		Колатова Гулдана Абайқызы	Жоғары	Санатсыз

МДҰ жұмысын жоспарлауда ескерілетін негізгі нұсқамалық құжаттар

МДҰ жылдық жоспары – бұл мекеменің ерекшелігін, оқу-әдістемелік, кадрлық және материалдық-техникалық жабдықталуын ескере отырып, білім беру мекемесінде оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру реттейтін нормативтік құжат. Мектепке дейінгі ұйымның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар тізімі

№	Құжаттың атауы	Берілген құжаттардан шығатын нұсқаулар
	ҚР Конституциясы	Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарының барлық педагогтарына жаңа мемлекеттік стандарт бойынша жұмыс жасауларын қамтамасыз ету; Жаңа стандарттың шарты бойынша баланың дамуына мониторинг жүргізу; Ата-ананы білім мен біліктілікті меңгеруіне жағдай туғызып қамтамасыз ету, жаңа стандарт бойынша ескерілген және оларды тәрбиелік білім процесіне тарту. Педагогикалық қызметкерлердің құжаттарын аттестаттауға дайындау.
	Еңбек кодексі	Педагогикалық қызметкерлердің құжаттарын аттестаттауға дайындау.
	«Қазақстан Республикасының білім туралы» заңы. Соңғы өзгертулер мен толықтырулармен	Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеру үшін барлық қажетті материалдық – техникалық жағдайын ұйымдастыруды қамтамасыз ету.
	«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Соңғы өзгертулер мен толықтырулармен	Балалардың денсаулығын қорғау, даралық құқығын, өз пікірін білдіру құқығын, ұждан бостандығын, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуды қамтамасыз ету.
	«Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» заңы соңғы өзгертулер мен толықтырулармен	Еңбек шарты: ұғым, талаптар. Еңбек шартының мазмұны мен мерзімдері.

Қазақстан Республикасында білім дамуының бағдарламасы 2020-2025ж.	Жеке бас мәдениетінің негіздерін, мемлекеттік тілді үйрету, мектепте оқу үшін қажетті дағдыларды үйрету; балаларды эмоционалды және интеллектуалды дамыту, физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және оларды нығайту. Мектепте оқытудың тең шарттық шарттарын жасау мақсатында мектепке дейінгі дайындық бағдарламасын бес жасар сәбилер бөбекжай негізінде қамтиды.
Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт 2022ж. 03.08. №348	Мемлекет білім берудің бәріне міндетті стандарттарды орнатады. Кез-келген оқу орындардың қызметі сол стандартқа сәйкес келуі керек.
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың типтік оқу бағдарламасы 2022ж 14.10.№422	Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық процесті қамтамасыз етуді. Бағдарлама мектепке дейінгі білімді отандық және шетелдік ғылымның тәжірибе жетістіктерін есептеумен дайындалған. Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың міндеттерін тәрбиенің, дамытудың және білім берудің бірлігін қамтамасыз етеді.
2026ж. дейін білім дамуының тұжырымдамасы.	Барлық балаларды әлеуметтік жағдаяттан және өмір сүріп жатқан мекен-жайына тәуелсіз мектепке дейінгі ұйымдармен ерте қамту; Бес жасар балаларды мектепке дейінгі дайындықпен толық қамтуды қамтамасыз ету; Оқыту бағдарламасының жетістігі мектепке дейінгі және бастауыш мектептерінде баланы жалықтырып жбермеу мақсатымен оңтайлы жүктеме және салауатты өмір салтының құндылықтарын, денсаулықты нығайтуды қамтамасыз ету; Бала ұйымдастыру іс-әрекетті меңгеру үшін қажетті жекебасының сапаларын қалыптастыру;
«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»	Мемлекет бәріне міндетті санитарлық-эпидемиологиялық талаптар орнатады, біз соған сүйене отырып сау ұрпақ өсіріп, тәрбиелеуіміз керек. Кез-келген оқу орындарының қызметі сол стандарттарға сәйкес келуі керек.

Аналитикалық бөлім «Сұңқар» жекеменшік балабақшасы

2024-2025 оқу жылының жылдық тапсырмалардың орындалуын талдау.

Материалдық-техникалық базасы

«Сұңқар» материалдық-техникалық базасы педагогикалық талаптарына, қазіргі білім беру деңгейіне, санитарлық нормаларға сәйкес.

Балабақша орталық жылу және су жүйелеріне қосылған. Аймақ жөнделген және қоршалған, әрбір топтың жабдықталған өз алаңдары бар. Балабақша жұмсақ және қатты құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Топтар жиһазбен, ойыншықтармен, оқу – әдістемелік құралдарымен жабдықталған. Медициналық кабинет, кір жуатын, ас бөлмелері қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Барлық топтарда Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл – қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қаблеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт – дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым – қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым – қатынас

жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым даңдыларын меңгеруді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу; ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қаблеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлануын, көркем эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

Әлеумкеттік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеумкеттік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам мен мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-анамгершілік құндылықтарын қалыптастыру болып табылады. Әлеумкеттік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімді кеңейту, креативті ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Дамытушы орта эстетикалық, санитарлық-гигиеналық, психология-педагогикалық, материалдық техникалық комплекстеріне сәйкес. Топтарда балалардың өмірін қамтамасыз ету жағдай жасалған: қимылды ойындар атрибуттары, спорттық құралдар, дамытушы ойындар, қуыршақ театры мен сюжеттік- рөлдік ойындардың құрал жабдықтары бар. Әрбір топта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес пәндік – дамытушы ортасы құрылған.

р/с	Тәрбие – білім процесін ұйымдастыруға арналған бөлме жайы	Кабинетті жабдықтандыру
1	Психолог бөлмесі	толық

III. Педагогтар туралы мәлімет

Балабақшада оқу-тәрбие жұмысында педагог қызмет етеді, барлығының педагогикалық білімдері бар. Педагогикалық ұжымның құрамында келесі еңбек өтілі бар:

1 жылға дейін	2 жыл	2 жылдан астам	5 жылдан астам
1	1	1	1

Тәрбиешілер өздерінің кәсіби – шеберліктерін өздігінше білім алу, біліктілік жетілдіру курстары, семинарлар мен дөңгелек үстел жұмыстарына қатысу арқылы жетілдіреді.

Педагогтардың сапалық құрамы

Білімі бойынша:

Педагогтар саны	жоғары	%	Мектепке дейінгі жоғары	%	Арнаулы орта	%
3	2	70	0	-	1	30

Біліктілік санаты бойынша:

Жалпы педагогтар саны	Педагог мадератор	%	санатсыз	%
5	0	0	5	100

Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өту 2023-2026 оқу жылына педагогтардың біліктілігін арттыруға арналған перспективалық жоспар

№	Педагогтың аты-жөні	лауазымы	Соңғы рет курстан өткен уақыты	Оқу жылдар			
				2023	2024	2025	2026
1	Есимова Гулистан Халиловна	Директор	-				
2	Колатова Гулдана Абайқызы	Әдіскер	-			+	
3	Ризбаева Дузельхан Дарханбаевна	Тәрбиеші	-			+	
4	Адилъханова Айжамал Камаладдинқызы	Тәрбиеші	-				

5	Елубаева Марина Бердирахметовна	Тәрбиеші	-			+	
---	------------------------------------	----------	---	--	--	---	--

Аттестаттауға дайындық және аттестаттау.

2023-2026 оқу жылына арналған педагог-модератор өтетін педагогтардың тізімі

№	Аты-жөні әкесінің аты/жеке құжат бойынша	лауазымы	Санаты	2023-2026 оқу жылында біліктілік санаттан өтетін уақыты			
				2023	2024	2025	2026
1	Есимова Гулистан Халиловна	Директор	Санатсыз				
2	Колатова Гулдана Абайқызы	Әдіскер	Санатсыз			+	
3	Адильханова Айжамал Камаладдинқызы	Тәрбиеші	Санатсыз				
4	Ризбаева Дузельхан Дарханбаевна	Тәрбиеші	Санатсыз			+	
5	Елубаева Марина Бердирахметовна	Тәрбиеші	Санатсыз				

Педагогикалық кеңестер

№1 Педагогикалық кеңес

Өткізілу түрі: Дөңгелек үстел

Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.

Мақсаты: «2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу – оқыту жұмысын ұйымдастыру»

№	Өткізілетін жұмыстар	Өтілу мерзімі	Жауапты
1	Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының есебі.	тамыз	Директор Есимова Г.Х Әдіскер Колатова Г.А Топ тәрбиешілері
2	Бақылаудың қортындысы Жаңа оқу жылына топтардың дайындығы		
3	2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту: жылдық мақсат пен міндеттерді, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі, перспективалық жұмыс жоспары, күн тәртібі кестесін бекіту.		
4	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы бақылау қорытындысы.		
5	2024-2025 оқу жылында аттестатциядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап,бекіту.		

№2 Педагогикалық кеңес

Өткізу түрі: Шебер сынып

Тақырыбы: «Балаларды қоршаған ортаны аялай білу мен табиғатты қорғауға тәрбиелеу»

Мақсаты: педагогтардың шығармашылық әлеуметтік, туған өлкенің табиғатымен танысыру саласындағы құзыреттілігін дамыту;

Педагогтардың кәсіби шеберлігін, қызметін тиімділігін арттыру, педагогтар арасында

тығыз ынтымақтастық орнату.

№	Өткізілетін жұмыстар	Өтілу мерзімі	Жауапты
1	№2 педагогикалық кеңес отырысы шешімінің орындалуын талдау	қараша	Директор Есимова Г.Х Әдіскер Колатова Г.А Топ тәрбиешілері
2	Іскерлік ойын. Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру»		
3	Салыстырмалы тексерудің қортындысы. Қоршаған ортамен таныстыру (ересек топ)		
4	Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің, дене шынықтыру сауық-кештерінің, салыстырмалы бақылаудың, мониторингтің, ұйымдастырылған ашық іс – әрекеттерінің қортындысы.		

№3 Педагогикалық кеңес

Өткізу түрі: Пікір-талас

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және нығайту»

Мақсаты: Балабақшадағы дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының деңгейін көтеру.

Балалардың денсаулығы, дене шынықтыру мен салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру туралы педагогтардың білімдерін кеңейту және жүйелеу. Балалармен және ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру педагогтардың әдістемелік деңгейін көтеру.

№	Өткізілетін жұмыстар	Өтілу мерзімі	Жауапты
1	№2 Педагогикалық кеңес отырысының шешімінің орындалуын талдау	қаңтар	Директор Есимова Г.Х Әдіскер Колатова Г.А Топ тәрбиешілері
2	Пікір-талас. Тақырыбы: «Денсаулық дегеніміз не»		
3	Балалардың ауырушаңдығын талдау, ауруларының себептері		
4	Тақырыптық тексеру Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері (ортаңғы, ересек топ)		
5	Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің, дене шынықтыру іс-әрекеті, сауық-кештерінің, ертіңгіліктің, денсаулық сақтау бұрышының қортындысын әдістемелік салу.		
6	Ұйымдастырылған ашық іс әрекеттерінің қорытындысы		
7	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша аралық бақылау қорытындысы		

№4 Педагогикалық кеңес

Өткізу түрі: дөңгелек үстел

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі баланың өмір қауіпсіздігі дегеніміз не?»

Мақсаты: Балалардың өз денсаулығына саналы көзқарас және тиімді әдістер мен тәсілдер арқылы

жеке қауіпсіздік дағдыларын дамыту

№	Өткізілетін жұмыстар	Өтілу мерзімі	Жауапты
1	№3 педагогикалық кеңес отырысы шешімінің орындалуын талдау.	наурыз	Директор Есимова Г.Х Әдіскер Колатова Г.А Топ тәрбиешілері
2	Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық дамуында денсаулық сақтау технологияларының элементтерін дене шынықтыру іс- әрекетінде қолдау»		
3	«Үздік қауіпсіздік бұрышы» байқауының қорытындысы		
4	Тәрбиеленушілердің біліктерімен дағдыларының даму деңгейлерін аралық диагностикасының нәтижелерін бақылау парағының қорытындысы		
5	Педагогтардың кәсіби біліктілігінің арттыру мониторингі мәлімдеме		

№5 Педагогикалық кеңес

Өткізу түрі: Қорытынды есеп

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының нәтижелері, жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық»

№	Өткізілетін жұмыстар	Өтілу мерзімі	Жауапты
1	№4 педагогикалық кеңес отырысы шешімінің орындалуын талдау.	мамыр	Директор Есимова Г.Х Әдіскер Колатова Г.А Топ тәрбиешілері
2	2024-2025 оқу жылының жұмысын қорытындылау Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жылдық жоспарының орындалуын талдау		
3	Жазғы сауықтыру шынықтыру шараларының жұмыс жоспарын таныстыру, бекіту, педагогтарды жазғы сауықтыру шараларымен таныстыру.		
4	Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау		
5	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды бақылау		
6	Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және жоспарын бекіту.		

Семинарлар, практикумдар

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды іске асыру шеңберінде жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру, білімді кеңейту, мәдени бірегейлікті жаңғырту, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді насихаттау арқылы- қоғамның мәдени деңгейін, талғамын және рухын көтеру.

№	Тақырыбы	Практикалық бөлім	теория	Өтілу мерзімі	Жауапты
1	Тақырыбы «Балабақшада ұлттық құндылықтар мен ойындарды насихаттаудың маңызы» Практика.	1 1	1	караша	Әдіскер Колатова Г.А Топ тәрбиешілері

	1.Қоршаған ортамен танысу «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» (ортаңғы топ) 2.Қоршаған ортамен танысу. «Ұлттық құндылықтар –ел қазынасы» (ересек топ)				
2	«Денсаулық сақтау технологияларының мақсаты мен оқу-үрдісінің маңыздылығы» Практика. 1.Таңертеңгі жаттығу (ортаңғы топ) 2.Дене шынықтыру (ересек топ)	1 1	1	ақпан	Әдіскер Колатова Г.А Топ тәрбиешілері

Тәрбиешілерге кеңестер

№	Тақырыбы	Өтілу мерзімі	Жауапты
1	Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы	қыркүйек	Әдіскер Колатова Г.А
2	«Дидактикалық ойын арқылы логикалық ойлануды дамыту»	Қазан	
3	Мектеп жасына дейінгі балалардың дидактикалық ойындар арқылы математикалық түсініктерін қалыптастыру	Қараша	
4	«Балалардың дамуындағы жаттығулардың рөлі»	Желтоқсан	
5	Серуенді ұйымдастыру және өткізу	Қаңтар	
6	Бөбекжайда мерекелік ертеңгіліктерді ұйымдастыру және жүргізу ерекшеліктері	Ақпан	
7	Ұлттық құндылықтарды дидактикалық ойындар арқылы бала бойына сіңіру жолдары	Наурыз	
8	Мнемотехника әдісі арқылы таппақ жаттау	Сәуір	
9	Бала денсаулығын нығайтудағы шынықтыру шараларының маңызы	Мамыр	

Әдістемелік отырыстар

1.Балабақша директоры-әдістемелік кеңестің төрайымы Есимова Г.Х

2.Балабақша әдіскері-әдістемелік кеңестің төрайымының орынбасары Колатова Г.А

3.Әдістемелік кеңестің хатшысы:Колатова Г.А

Әдістемелік кеңестің мүшелері: тәрбиешілер

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	№1. 2024-2025 оқу жылына әдістемелік кеңесі жұмысының мақсаттары және міндеттерімен танысу. 2.Топтардың жаңа оқу жылынадайындығы, «Ата Заңым-ардағым!», «Білім күні» және «Өзге тілдің бәрін біл,өз тіліңді құрметте!» тақырыбында өткізілетін тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекетінің, бастапқы мониторингтің, салауатты өмір салтын ұйымдастыру бөлімінің қорытындысымен таныстыру.	қазан	Әдіскер Колатова Г.А
2	№2.Өз іс-тәжірибесімен бөлісу. «Бала тәрбиесіндегі – ата – ананың рөлі» презентация 2. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» тақырыпты іс-әрекетінің, қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған іс-әрекетінің, ересектер тобында өткізілген режимдік сәттердің қорытындысы.	желтоқсан	Әдіскер Колатова Г.А
3	№3.«Өз іс-тәжірибесінен кеңес: «Мерекелік ертеңгілікке дайындық және оны өткізу» 2.Ертеңгіліктердің, салауатты өмір салты ұйымдастыру бөлімінің өткізілген жұмыстардың, күннің ІІ жартысындағы шынықтыру шаралары және тақырыптық іс-әрекетінің қорытындысы.	ақпан	Әдіскер Колатова Г.А
4	№4. 1. «Дидактикалық ойындардың баланың логикалық қабілетін кеңейтудегі әсері» 2. «Айналайын анашым» ертеңгіліктердің, «Қош келдің Наурыз», «Ғарыш әлемі» тақырыптық оқу іс әрекетінің, салауатты өмір салты ұйымдастыру бөлімінің өткізілген жұмыстардың қорытындысы, тақырыптық бақылаудың қорытындысы.	сәуір	Әдіскер Колатова Г.А
5	№5 1.2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы. 2.Педагогтармен тренинг өткізу. 3.Салауатты өмір салты ұйымдастыру бөлімінің, «Бейбітшілік күні», «7 мамыр Отан қорғау күні», «9-мамыр Жеңіс күні» тақырыптық іс-әрекетінің, «Жол қозғалысы ережелері» байқаудың қорытындысы.	мамыр	Әдіскер Колатова Г.А

Кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер

№	Білім беру саласы	Өтілу мерзімі	Жауапты
1	Кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер	Қазан	Ортаңғы, ересектер, Топ тәрбиешілері
2		Қаңтар	
3		Сәуір	
4	Қорытынды кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер	Мамыр	Ортаңғы, ересектер, Топ тәрбиешілері

Спорттық іс-шаралар жоспары.

Мақсаты: Балалардың денсаулықтарын сақтау мен нығайту, дененің барлық мүшелерін дамыту үшін жағдайын жасау, салауатты өмір салтына қызығушылық тәрбиелеу.

№	Жұмыс мазмұны	Өткізу түрі	Уақыты	Жауапты
1	«Денсаулық еліне саяхат»	Ойын – сауық	Қыркүйек(ортаңғы топ)	Топ тәрбиешілері
2	«Көңілді доптар»	Ойын –сауық	Қазан (ересек топ)	Топ тәрбиешілері
3	Дене шынықтыру ойын – сауықтар «Көңілді эстафеталар»	Көңілді жарыс	Қазан(ортаңғы топ)	Топ тәрбиешілері
4	«Достық мерекесі»	Денсаулық күні	Желтоқсан(ересек топ)	Топ тәрбиешілері
5	«Қарлы алаңда»(тәрбиешілер мен балалардың бірігуімен)	Ойын – сауық	Қаңтар(ортаңғы топ)	Топ тәрбиешілері
6	«Көңілді саяхат»	Ойын – сауық	Ақпан(ересек топ)	Топ тәрбиешілері
7	«Қош келдің,Наурыз!» (қазақ ұлттық ойындар ойнату)	Мерекелік жарыс	Наурыз (барлық топтар)	Топ тәрбиешілері
8	«Ғарышқа саяхат»	Ойын – сауық	Сәуір (ортаңғы топ)	Топ тәрбиешілері
9	«Ерлікпен жеткен ұлы Жеңіс»	Көңілді жарыс	Мамыр	Топ тәрбиешілері
10	«Бақытты балалық шақ»	Мерекелік жарыс	Маусым	Топ тәрбиешілері

11	«Күн,ауа,су – біздің достарымыз!»	Ойын сауық	Жаз уақыт аралығында	Топ тәрбиешілері
----	-----------------------------------	------------	----------------------	------------------

Мерекелік сауықтыру іс – шараларын ұйымдастыру жоспары:

Мақсаты:

- 1.Білімді рухани – өнегелі және дене саулығы жетілген баланың жеке тұлғасын қалыптастыру.
- 2.Балалардың күнделікті өмірін қызықты істермен, мерекелермен толықтыру.
- 3.Әр баланы мазмұнды әрекетке қамту,баланың қызығушылығы мен өмірлік белсенділігіне себепкер болу.

Айы	Мерекенің атауы	Тақырыбы	Өтетін уақыты
Қыркүйек	Тақырыптық іс әрекеті	Концерттік бағдарлама «1 қыркүйек – Білім күні» «Ана тілім – ар тілім»	04.09.2024 20-23.09.2024
Қазан	Тақырыптық іс әрекеті	«25 қазан Республика күні!»	24.10.2024
Желтоқсан	Ертеңгілік Тақырыптық іс-әрекеттер Ертеңгілік	«Өрт қауіпсіздік еліне саяхат» «Тәуелсіз елім – Қазақстаным!» «Құтты болсын Жаңа жыл!»	07-08.12.2024 13-14.12.2024 26-30.12.2024
Наурыз	Тақырыптық іс-әрекеттер Ертеңгілік	«1 наурыз – Алғыс айту күні» «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні!» «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз!»	01.03.2025 05-08.03.2025 12-15.03.2025
Сәуір	Тақырыптық іс әрекеті	«12 сәуір Ғарышкерлер күні» «Балаларға жол ережесін үйретейік!»	11-12.04.2025 18-19.04.2025
Мамыр	Тақырыптық іс-әрекеттер Ертеңгілік	«1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі», «7 Мамыр – Қазақстан қарулы күштерінің күні» «9 Мамыр – Жеңіс күні»	01.05.2025 08-09.05.2025
Маусым	Мереке Тақырыптық ұйымдастырылған іс- әрекеті	«1 Маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні»	03.06.2025 04.06.2025

		«Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің күні»	
Шілде	Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеті	«Ел ордамыз Астана күні»	05.07.2025
Тамыз	Мереке Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеті	«Ата заңым – ардағым!» «Рахмет саған, жадыраған жаз!»	23.08.2025 29.08.2025

Ата – аналар жиналысы

Мақсаты: Ата – ананың педагогикалық мәдениетін жоғарлату, педагогикалық ұжым алдында тұрған міндеттерді бірігіп шешуді үйрету

№	Мазмұны	Өтілу мерзімі	Жауапты
1	№1 Ата аналар жиналысы 1.Дөңгелек үстел. Тақырыбы: Балабақшамен отбасының бала тәрбиесіндегі бірыңғай талабы. Жаңадан келген балалардың ата-аналарымен келісім шартпен таныстыру,отыру. 2.2024-2025 жылының мақсат,міндеттері,күн тәртібі, тамақтануды ұйымдастырылуы туралы. 3. «Бал мекенім бөбекжай» ата аналар комитетін сайлау, ата – ана жарнасы.	Қазан	Директор: Есимова Г.Х Әдіскер: Колатова Г.А Медбике: Оразова Ж Топ тәрбиешілері
2	№2 Ата – аналар жиналысы 1.Ұжымның 2024-2025 оқу жылындағы жұмысының қорытындысы. 2.Тамақтандыруды ұйымдастыру туралы есеп. 3.Балалардың балабақшаға қатысуы	Мамыр	

Оқу – тәрбие үдерісіндегі бақылау мен басшылық.

Мақсаты: Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің жүргізілу барысында балаларға сапалы білім беріп, жұмыс барысында инновациялық технологиялардың элементтерін қолдану.

Айы	Бақылаудың түрі	жауаптылар	қарауы
VIII	Жәй бақылауы Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы	Барлық Топ	Әдіст кеңес №1
IX	Тақырыптық тексеру Серуен(ортаңғы топ)		Әдіст кеңес №1
X	Тақырыптық тексеру математика негіздері (ересек топ)		Пед кеңес №2
XI	Жәй тексеру Қоршаған ортамен таныстыру (ересек топ)		Пед кеңес №2
XII	Байқау «Балаларға арналған кітапхана бұрышы» (ортаңғы,ересек топ)		Пед кеңес №3

I	Таңертеңгі жаттығу, дене шынықтыру іс-әрекеті (ортаңғы, ересек топ)	тәрбиешілері	Пед кеңес №3
II	Салыстырмалы тексеру. Сөлеуді дамыту және көркем әдебиет (ересек топ)		Пед кеңес №3
III	Байқау. «Қауіпсіздік орта» Сюжеттік рөлдік ойындар: Емхана, Жол ережесі. (ортаңғы, ересек топ)		Пед кеңес 4
IV	Күннің II жартысында шынықтыру (ортаңғы, ересек топ)		Пед кеңес №5

Өндірістік жиналыстар

№	Мазмұны	Орындау мерзімі	Жауапты
1	№1 Өндірістік жиналыс 1.Қызметкерлердің, балалардың өмірі денсаулығын қорғау, еңбек қауіпсіздігі және жабдықтар қауіпсіздік, «өрт қауіпсіздігі» нұсқаулықтармен таныстыру. 2.Қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібінің ережелері және күн тәртібімен таныстыру. 3.Балабақшаның қысқа дайындығы және топтардың жаңа оқу жылына тазалығы туралы ақпарат.	Қазан	Директор: Есимова Г.Х Әдіскер: Колатова Г.А Медбике: Оразова Ж Топ тәрбиешілері
2	№2 Өндірістік жиналыс 1.2024-2025 оқу жылына қызметкерлердің кезекті еңбек демалыс күндерін белгілеу, талқылау, бекіту. 2.Жаңа жылдық шараларды ұйымдастыру және өткізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулықпен таныстыру. 3.Балабақшадағы санитарлық жағдай.	Желтоқсан	Директор: Есимова Г.Х Әдіскер: Колатова Г.А Медбике: Оразова Ж Топ тәрбиешілері
3	№3 Өндірістік жиналыс		Директор:

	1.Тамақ алу және жеткізу кезінде еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы. 2.Жаз мезгілінде бөбекжайдың ішкі, сыртқы жөндеу жұмыстарынжүргізу туралы. 3.Балалардың балабақшада қатысуы және ата – аналардың жарнасының орындалуы.	Мамыр	Есимова Г.Х Әдіскер: Колатова Г.А Медбике: Оразова Ж Топ тәрбиешілері
--	---	-------	---

Педагогикалық әдеп жөніндегі жұмыс жоспары

№	Іс шаралар атауы	Орындау мерзімі	Жауапты
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №1 отырысы: -Жұмыс жоспарын бекіту; жұмыс жоспар бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы; -Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 заңына «Педагогикалық әдептің кейбір мәселесі туралы» бұйрығымен таныстыру; -«Педагогикалық әдеп» педагогтерге кеңес	Тамыз	Директор: Есимова Г.Х Әдіскер: Колатова Г.А Медбике: Оразова Ж Топ тәрбиешілері
2	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №2 отырысы: -«Педагогикалық әдеп қағидалары»; -Аттестаттау кезінде білім және жетістіктерді бағалауды ережесіндегі педагогтың жауапкершілігі туралы»	Қараша	Кеңес мүшелері
3	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №3 отырысы: -«Әдеп жөнінде және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» -пара бергені үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 367 бабымен таныстыру -«Педагогикалық әдеп» ережелері	ақпан	Кеңес мүшелері
4	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №4 отырысы:	мамыр	Кеңес мүшелері

	-«Педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты, жанжалды жағдайларды құрастыру және реттеу. -Педагогтің міндеттері мен жауапкершілігі (15бап)		
--	---	--	--

2024-2025 оқу жылына арналған қауіпсіздік шаралары

№	Іс шаралар атауы	Орындау мерзімі	Жауапты
1	«Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау» нұсқаулары	Қыркүйек	Директор: Есимова Г.Х Әдіскер: Колатова Г.А Топ тәрбиешілері
2	Педагогтермен кеңес «Балалардың жол транспорт зақымын болдыртпау жөнінде мектепке дейінгі мекемелер жұмысы»	Қазан	
3	Ересек топтары үшін Ұйымдастырылған іс-әрекеттер. «Өрт қауіпсіздік еліне саяхат»	Қараша	
4	Бөбекжайдағы балалардың қауіпсіздігі. Бөбекжайдағы қауіпсіздік ережелері	Қаңтар	
5	«Мектепке дейінгі жастағы балаларды өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі ұсынымдар» ЕҚ,ҚТ бойынша ағымдағы нұсқау	Ақпан	
6	«Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулыққа қойылатын талаптар» ағымдағы нұсқау	Наурыз	
7	«Мектеп жасына дейінгі балаларды экстремалды жағдайлардағы жүріп тұру ережесіне оқыту» өрттен қорғау инспекторымен кездесу жүргізу	Сәуір	
8	Ата – аналарға ақыл – кеңес « Жол тәртібін білейік»	Мамыр	

9	«Жаз мезгіліндегі баланың өмірі мен денсаулығын қорғау» жөніндегі нұсқаулық	Маусым	
10	Өрт қауіпсіздік қрандар бойынша мәлімет беру	Шілде	
11	«Өрт дабылы» бойынша мәлімет беру	Тамыз	

Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары

- 1.Балалардың денсаулығын нығайту және өмір қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету үшін оңтайлы жағдай жасау, ауру мен жарақаттанудың алдын алу;
- 2.Балалардың танымдық қызметін жүзеге асыруда физикалық тұрғыдан дамуына бағытталған шаралар кешенін ұйымдастыра отырып, қызығушылықтарын арттыру;
- 3.Жаз мезгіліндегі балалардың дамуы мен сауықтыру шаралары туралы сұрақтарды ата-аналардың құзіретіне қалдыру.

№ р/с	Айы	Апталар	Апта атаулары
1	Маусым	1-апта	«Бақытты балалық шақ»
		2-апта	«Жас ізкезушілер»
		3-апта	«Жазда келді көңілді»
		4-апта	«Қауіпсіз жаз»
2	Шілде	1-апта	«Гүлденген табиғат»
		2-апта	«Анам, әкем және мен – тату –тәтті отбасы»
		3-апта	«Жазғы сайыстар»
		4-апта	«Нептун күні»
3	Тамыз	1-апта	«Мен және қоршаған орта»
		2-апта	«Менің достарым»
		3-апта	«Өнер көзі халықта»
		4-апта	«Ғажайыптар әлемінде»

